

**Кәсіподақ мүшелерінің салауатты және қауіпсіз еңбек
жағдайларына құқықтарын қорғау жөніндегі 2025 жылғы жұмыс
қорытындылары туралы ақпарат**

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының (бұдан әрі – Кәсіподақ) құрылымдары жұмыс істейтін оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім беру мекемелері мен кәсіпорындарында кәсіподақ құрылымдарының белсенді ықпал етуімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі 8 439 өндірістік кеңес құрылды.

2024 жылмен салыстырғанда Кәсіподақ құрамындағы өндірістік кеңестердің саны 130-ға артты. Кеңестердің барлығы дерлік кәсіподақ ұйымдарының бастамасымен құрылған, бұл Кәсіподақтың жұмыскерлердің қауіпсіз еңбекке деген құқықтарын қорғаудағы белсенді рөлін дәлелдейді.

Өндірістік кеңестердің ең көп саны келесі облыстарда шоғырланған:

- Жамбыл облысы – 791
- Ақмола облысы – 750
- Павлодар облысы – 592
- Шығыс Қазақстан облысы – 549
- Солтүстік Қазақстан облысы – 548.

2025 есепті жылы техникалық инспекторлардың сандық құрамы 8 548 адамды құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 109-ға артық. Бұл ретте техникалық инспекторлардың 4 894-і еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау (ЕҚЖЕК) мәселелері бойынша оқудан өткен, бұл жалпы санның шамамен 68%-ын құрайды. Оқытумен қамтудың ең жоғары деңгейі Алматы қаласында («Ұстаз»), Ақмола, Павлодар және Түркістан облыстарында байқалады. Сонымен қатар кейбір өңірлерде оқудан өткен инспекторлардың үлесі әлі де төмен немесе мүлдем жоқ, бұл қоғамдық бақылаудың сапасына кері әсерін тигізеді.

Техникалық инспекторлар еңбек жағдайлары бойынша 5 037 тексеру жүргізді, оның ішінде өндірістік кеңестердің бастамасымен – 3 026, жұмыскерлердің бастамасымен – 323, өзге тексерулер – 1 688.

Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша 2 215 заң бұзушылық анықталды. Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша 2 018 заң бұзушылық жойылды, бұл қоғамдық бақылаудың нәтижелілігі қанағаттанарлық екенін және жұмыс берушілердің тиісті шаралар қолданғанын көрсетеді.

Анықталған заң бұзушылық тардың құрылымы көрсеткендей, олардың негізгі үлесі келесі мәселелерге тиесілі:

- жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету;
- еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілер мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтау;
- жұмыскерлерді оқыту және оларға нұсқама беру мәселелері.

Сонымен қатар, бірқатар ұйымдарда заң бұзушылық тарды анықтау деңгейі тым төмен болып қалып отыр, бұл тексерулердің үстірт (формалды) сипатта жүргізілгенін көрсетеді.

Жыл қорытындысы тексерулердің жиілігі әлі де төмен екенін көрсетті. Мәселен, 2025 жылы 8 548 техникалық инспекторға 5 037 тексеруден келді, бұл анық жеткіліксіз. Келесі өңірлерде бақылау жұмыстары қанағаттанарлықсыз деңгейде ұйымдастырылған:

- Астана қаласы (235 тех. инспекторға 10 тексеру);
- Жамбыл облысы (791 тех. инспекторға 188 тексеру);
- Жетісу облысы (431 тех. инспекторға 18 тексеру);
- Батыс Қазақстан облысы (419 тех. инспекторға бірде-бір тексеру жүргізілмеген);
- Алматы облысы «Қамқор» (184 тех. инспекторға 3 тексеру);
- Қостанай облысы «Қорғау» (167 тех. инспекторға 3 тексеру);
- Маңғыстау облысы (356 тех. инспекторға 10 тексеру).

2024 жылмен салыстырғанда есепті жылы Алматы қаласының «Ұстаз» кәсіподақ ұйымында бақылау жұмыстары жақсарды (476 тех. инспекторға 232 тексеруден келді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 222 тексеруге артық).

Өткен жылдардағыдай, бұл бағыт бойынша көрсеткіштердің негізгі үлесі жекелеген мүшелік ұйымдардың есебінен қалыптасып отыр.

Кәсіподақтың басқарушы органдары кәсіподақ ұйымдарының алдына жүргізілетін тексерулердің сапасын арттыру міндетін қойған болатын. Ұсынылған есептерге сәйкес, анықталған заң бұзушылық тардың саны әлі де төмен, ал ұйымдардағы еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған берілген ұсынымдардың саны жеткіліксіз болып отыр.

Өндірістік жарақаттану көрсеткіштері:

- Жазатайым оқиғалар нәтижесінде зардап шеккендер – 25 жұмыскер;
- жеңіл дәрежедегі жарақат алғандар – 12 жұмыскер;
- ауыр дәрежедегі жарақат алғандар – 11 жұмыскер;
- өліммен аяқталған жағдайлар – 2.

2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылы ауыр дәрежедегі жарақат алғандар саны 12 жұмыскерге азайды, ал жеңіл дәрежедегі жарақат алғандар саны 2024 жылмен салыстырғанда 7 жұмыскерге артты. Жазатайым оқиғалар нәтижесінде өліммен аяқталған жағдайлар саны нөлдік көрсеткіштен 2-ге дейін өсті. Өліммен аяқталған және ауыр жағдайлардың орын алуы қауіптілігі жоғары ұйымдарда алдын алу жұмыстары мен атаулы (адрестік) бақылауды күшейту қажеттілігін көрсетеді.

2025 жылы өндірістегі жазатайым оқиғалардың ең көп саны Ақмола (4 жағдай), Абай (4 жағдай) және Павлодар (4 жағдай) облыстарында тіркелді.

Есепті кезеңде мүшелік ұйымдар тарапынан еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау (ЕҚЖЕҚ) мәселелері бойынша 362 оқыту семинары өткізілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 182-ге аз. Атқарылған жұмыстың ауқымдылығына қарамастан, өңірлер бойынша көрсеткіштер біркелкі

бөлінбеген – жекелеген облыстарда жоғары белсенділік байқалса, басқаларында оқыту жұмыстары жүйесіз (эпизодтық) сипатта жүргізіледі.

Оқыту және түсіндіру жұмыстары жарақаттанудың алдын алудың негізгі факторларының бірі болып қала береді, сондықтан ол барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары қызметінің басым бағыты ретінде қарастырылуы тиіс.

Кәсіподақтың жыл сайын өткізетін «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» байқауы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне оң ықпалын тигізіп келеді.

Республикалық байқаудың қорытындысы бойынша Қарағанды, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Абай, Ұлытау облыстарының және Алматы қаласының мүшелік ұйымдары жүлделі орындарға ие болды.

Кәсіподақтар федерациясы өткізетін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салааралық байқауларға Салалық кәсіподақ белсенді қатысып, оларда жүлделі орындарды иеленіп жүргенін атап өткен жөн.

Қауіпсіз әрі қолайлы жұмыс ортасын қамтамасыз етуде бастауыш ұйымдардың белсенділік деңгейі және, ең бастысы, әрбір кәсіподақ мүшесінің жеке қатысуы айтарлықтай артты. Еңбекті қорғау мәселелері бойынша викториналар, байқаулар, квест түріндегі алуан түрлі танымдық әрі қызықты іс-шараларды өткізу арқылы осы маңызды міндетті шешуде жаңа, дәстүрлі емес тәсілдерді табуға мүмкіндік туды.

Есептерді талдау көрсеткендей, жалпы алғанда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың жай-күйіне қоғамдық бақылау жасау жүйесі жұмыс істеп тұр және оң нәтижелер көрсетуде. Сонымен қатар, өңірлер белсенділігінің біркелкі болмауы, техникалық инспекторларды оқыту деңгейінің жеткіліксіздігі және жекелеген ұйымдардағы тексерулерге үстірт (формалды) қарау сияқты мәселелер әлі де сақталып отыр.

Анықталған кемшіліктерді жою, тексерулердің сапасын арттыру және алдын алу жұмыстарын күшейту келесі есепті кезеңдегі кәсіподақ ұйымдарының басым міндеттеріне айналуы тиіс.

**Орталық комитет аппаратының құқықтық жұмыс,
әлеуметтік әріптестік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік бөлімі**